

Ғылыми-әдістемелік кеңес хаттамасы

№ 1 2020 жылғы "28" тамыз

Төраға: А.Елеуова

Хатшы: С.Аманқосова

Қатысқандар: 16 (тізім қоса тігіледі)

Күн тәртібі

1. 2020-2021 оқу жылына әдістемелік кеңес жұмыс жоспарын бекіту.
2. Әдістемелік- нұсқау хатпен таныстыру.
3. Жас мамандар мен тәлімгерлердің жұмыс жоспарын бекіту.
4. Аттестаттау комиссиясының құрамын, әдістемелік кеңес құрамын және әдістемелік бірлестіктер құрамын бекіту
5. Мектептің даму бағдарламасын іске асырудағы жоспарды бекіту
6. Пән мұғалімдері мен сынып жетекшілерінің электронды сынып журналдарды дұрыс толтыру нұсқаулығымен таныстыру

Отырыс барысы

1. Тыңдалды:

1. А.Елеуова – ДБЖО: 2020-2021 оқу жылына жасалған әдістемелік кеңес жұмыс жоспарымен таныстырып өтті(қосымша жалғанды 1)
2. А.Елеуова – ДБЖО: 2020-2021 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін мектептерінде оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқаулық хатты, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы «13» тамыздағы № 345 бұйрығына 2-қосымша (қосымша жалғанды 2)
3. А.Елеуова – ДБЖО: 2020-2021 оқу жылы мектебімізде 4 жас маман бар. Жас мамандарға тәлімгер ұстаз жетекшілері белгіленген болатын. Олар:

№	Мұғалімнің аты-жөні	Ұстаз жетекші	Еңбек өтілі	Санаты	Білімі	Оқытатын пәні
1	Бигелді Набат	Кокишева Гульзира	0	санатсыз	жоғары	Бастауыш
2	Сенғалиев Нұрбек	Шоланова Гулзина	0	санатсыз	жоғары	АӘД Информатика
3	Есболаев Райымбек	Мүттахқызы Гүлжан	0	санатсыз	жоғары	Тарих
4	Дәлубай Әбді-Рахман	Калбаева Сания	0	санатсыз	жоғары	Қазақ тілі мен әдебиеті

Жас мамандар және тәлімгерлермен жұмыс жоспары таныстырылды(130-бұйрық 9-қосымша)

4. А.Елеуова – ДБЖО: 1) 2020 оқу жылының қаңтар айында педагог қызметкерлерді аттестаттау комиссиясының құрамына төмендегі адамдар сайланды.

Аттестаттау комиссиясының төрайымы: Нұрмағамбетова Г.Ж

Аттестаттау комиссиясының мүшелері: 1.М.Изтурганова 2. Ж.Дюсембаева

2) Әдістемелік кеңес құрамына мүше мұғалімдер:

№	Мұғалімнің аты-жөні	Лауазымы
1	Нұрмағамбетова Гүлнарша	Директор
2	Қалбаева Сания	Әлеуметтік педагог
3	Аманқосова Сандуғаш	Қосымша білім беру педагогі
4	Елеуова Акбала	ДБЖО
5	Қуанова Перизат	Гуманитарлық пәндер бірлестігі жетекшісі
6	Шоланова Гүлзина	Зияткер бірлестігі жетекшісі
7	Ерболатова Сәнжан	Жаратылыстану пәндер бірлестігі жетекшісі
8	Ахметова Айымгул	ДОДЖО
9	Изтурганова Майра	Эстетикалық пәндер бірлестігі жетекшісі
10	Қанатбаев Бекжан	Қосымша білім беру педагогі
11	Асқарұлы Нұрғиса	Нұсқаушы
12	Кокишева Гүлзира	Бастауыш сынып бірлестігі жетекшісі
13	Әділбек Жазира	ДТЖО
14	Есбергенова Жансая	Психолог
15	Мұстафин Алқабек	Тәлімгер
16	Атшыбаева Ғайша	Менеджер

3) Әдістемелік бірлестіктер құрамының жетекшілері мен мүшелері

Әдістемелік бірлестік атауы	Мұғалімнің аты-жөні	Лауазымы
Гуманитарлық пәндер бірлестігі	Қуанова Перизат	Бірлестік жетекшісі
	Қалбаева Сания	Мүше
	Аманқосова Сандуғаш	Мүше
	Жұбанов Асхат	Мүше
	Бекболатова Жанира	Мүше
Жаратылыстану пәндер бірлестігі	Ерболатова Санжан	Бірлестік жетекшісі
	Шоланова Гүлзина	Мүше
	Ордабаев Мансур	Мүше
	Дюсембаева Эльвира	Мүше
	Ахметова Айымгул	Мүше
	Мұстафин Алқабек	Мүше
	Елеуова Акбала	Мүше
Эстетикалық пәндер бірлестігі	Изтурганова Майра	Бірлестік жетекшісі
	Сельбаева Балхия	Мүше
	Қанатбаев Бекжан	Мүше
	Асқарұлы Нұрғиса	Мүше
	Есбергенова Жансая	Мүше
	Алишбаева Зинеш	Мүше
Бастауыш сынып бірлестігі	Кокишева Гүлзира	Бірлестік жетекшісі
	Мұттахикқызы Гүлжан	Мүше
	Дауылханова Акжайна	Мүше
Зияткер бірлестігі	Шоланова Гүлзина	Бірлестік жетекшісі

	I,II,III деңгей мұғалімдері	Мүшелер
--	-----------------------------	---------

5. Мектеп директоры Г.Нұрмағамбетова: Мектептің даму бағдарламасын іске асырудағы жоспарымен таныстырды (қосымша жалғанды 3)
6. Г.Кеңесова: Сынып журналдарының толығымен электронды нұсқаға ауысуына байланысты mektep.edu.kz сайтында көрсетілген нұсқаулықтармен жүйелі толтырамыз. Барлық пән мұғалімдері жауапкершілікпен атқаруы тиісті.(Презентация арқылы таныстырды)

Сұрақ:

А. Ахметова : Педагог қызметкерлерден біліктілік тестілеуге өтініштер қалай жүргізілуде?

2. Сөз сөйлегендер:

1. ДБЖО А.Елеуова: 1)Ұлттық біліктілік тестілеуіне қатысуға өтініштер қабылдауды тиісті деңгейдегі аттестаттау комиссия жүргізеді, ол біліктілік талаптарына сай болған жағдайда өтініштерді ұлттық біліктілік тестілеуін өткізетін ұйымға жолдайды. Өтініштерді қабылдау мерзімдері: күнтізбелік жылғы 10 наурыз бен 2 мамырға аралығы, 10 тамыз бен 6 қыркүйек аралығы. 2)Аттестатталушы адамдар ұлттық біліктілік тестілеуінен өту үшін келесі құжаттарды ұсынады: Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тестілеуге қатысу үшін өтініш;

3. Қаулы етеді:

1. 2020-2021 оқу жылына әдістемелік кеңес жұмыс жоспары бекітілсін, жауапкершілгі ДБЖО А.Елеуоваға тапсырылсын;
2. 2020-2021 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін мектептерінде оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқаулық хатты басшылыққа алу барлық педагог қызметкерлерге міндеттелсін, бақылау жүргізу ДБЖО А.Ахметова және ДБЖО А.Елеуоваға жүктелсін ;
3. Жас мамандар мен тәлімгерлердің жұмыс жоспары бекітілсін, бақылау жасау А.Ахметова және А.Елеуоваға міндеттелсін;
4. Әдістемелік кеңес құрамы, әдістемелік бірлестіктер құрамы бекітілсін, бақылау жасау А.Елеуоваға міндеттелсін;
5. Мектептің даму бағдарламасын іске асырудағы жоспары бекітілсін, бақылау жасау Г.Нұрмағамбетова тапсырылсын;
6. Электронды журналдарды уақытында дұрыс толтыру пән мұғалімдері мен сынып жетекшілеріне міндеттелсін, бақылау жасау Г.Кеңесова жүктелсін.

Жиналыс төрайымы:

Хатшысы:



А.А.Елеуова

С.Аманқосова

Ғылыми-әдістемелік кеңес хаттамасы

№ 2 2 0 20 жылғы "27" қараша

Төраға: А.Елеуова

Хатшы: С.Аманқосова

Қатысқандар: 15 (тізім қоса тігіледі)

Күн тәртібі

1. Шебер сынып: «Қашықтан оқытуға арналған бейнесабақтарды дайындаудың ерекшеліктері»
2. Тіл мерекесіне байланысты апталық қорытындысы
3. Математика (1-4 сынып) пәнінің берілісі
4. Мектеп олимпиадасы (талаптар, дайындық жұмыстарды) ұйымдастыру
5. Дарынды оқушыларды анықтау мақсатында диагностика жүргізу, оның қорытындысы:
 - бастауыш буын;
 - орта буын;
 - жоғары сынып;

Отырыс барысы

Тыңдалды:

1. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі С.Аманқосова «Қашықтан оқытуға арналған бейнесабақтарды дайындаудың ерекшеліктері» тақырыбында шебер сыныпты таныстырды. (қосымша жалғанды 1);
2. Гуманистарлық пәндер бірлестігінің жетекшісі А.Жұбанов «Тіл мен тарих – ғасырлар куәсі» атты апталықтың қорытындысымен таныстырды (қосымша жалғанды 2);
3. ДБЖО: А.Елеуова математика (1-4 сынып) пәнінің берілісін таныстырып, талдап өтті (қосымша жалғанды 3);
4. ДБЖО: А.Елеуова мектеп олимпиадасы (талаптар, дайындық жұмыстарды) ұйымдастыру туралы баяндама жасады (қосымша жалғанды 4);
5. Мектеп психологі Ж.Есбергенова «Дарынды оқушыларды анықтау мақсатында диагностика жүргізу, оның қорытындысы» туралы таныстырды (қосымша жалғанды 5).

2. Сөз сөйлегендер:

Сұрақ: менеджер Г.Атшыбаева оқушыларды қашықтықтан ұйымдастырылып жатқан онлайн олимпиадаларға қатыстыруда қиындықтар бар ма?

Сөйлеу: А.Елеуова оқушыларды қашықтықтан ұйымдастырылып жатқан онлайн олимпиадаларға қатыстыруда қиындықтардан гөрі кедергілер болып тұрады. Ғаламтор желісінің әлсіздігі, zomm арқылы байланыстың кеш орындалуы, оқушыларды түгел қатыстырып қадағалауға мүмкіндіктің аздығы сияқты. Алайда оқушыларымыз қашықтықтан ұйымдастырылып жатқан олимпиадаларданда орындар алып отыр.

Сөйлеу: А.Елеуова пәндік апталықта өткізілген ашық сабақтарды қашықтықтан ұйымдастыруды пән мұғалімдері жақсы жүргізді. Сабақтарын <https://www.facebook.com/>, <https://www.youtube.com/> желілеріне пән мұғалімдері жариялап отыр. Алайда әдістемелік журналдарға жариялаудыда жетілдіру керек.

3. Қаулы етеді:

1. Қашықтан оқытуға арналған бейнесабақтарды ғаламтор желілеріне жариялауды жалғастыру мектеп менеджеріне және ақпараттандыру мамандарына тапсырылсын;
3. Математика (1-4 сынып) пәнінің берілісі қанағаттанарлық деп табылсын;
4. Мектеп олимпиадасы (талаптар, дайындық жұмыстарды) ұйымдастыру жұмысын ДБЖО жетілдірсін;
5. Дарынды оқушылармен жұмысты жүргізу мектеп психологі, ДБЖО, ДТЖО ға тапсырылсын.

Жиналыс төрайымы:

Хатшысы:



А.А.Елеуова

С.Аманқосова

Ғылыми-әдістемелік кеңес хаттамасы

№ 3 2020 жылғы "26" ақпан

Төраға: А.Елеуова

Хатшы: С.Аманқосова

Қатысқандар: 16 (тізім қоса тігіледі)

Күн тәртібі

1. Баяндама: «Оқушылардың ғылыми-шығармашылық, зерттеушілік ізденісін қалыптастыру»
2. Педагогикалық іс-тәжірибені тарату (санатқа өтетін мұғалімдердің шығармашылық есебі)
3. Аудандық, облыстық пәндер олимпиадасының қорытындысы.

Отырыс барысы

Тыңдалды:

1. Зияткер бірлестігінің жетекшісі, педагог-зерттеуші Г.Шоланова: Баяндама «Оқушылардың ғылыми-шығармашылық, зерттеушілік ізденісін қалыптастыру» (қосымша жалғанды 1);
2. Бейін жөніндегі орынбасар А.Елеуова: 2021 жылдың I жарты жылдығында санатқа төмендегі мұғалімдер өтініш беріп отыр.

№	Мұғалімнің аты-жөні	Қолда бар санаты	Өтініш берген санаты
1	Изтурганова Майра	Педагог-зерттеуші	Педагог-шебер
2	Кокишева Гульзира	Педагог-зерттеуші	Педагог-шебер
3	Елеуова Акбала	Педагог-зерттеуші	Педагог-шебер
4	Аманқосова Сандуғаш	Педагог-модератор	Педагог-сарапшы
5	Жұбанов Асхат	Педагог-модератор	Педагог-сарапшы
6	Мұстафин Алқабек	Санатсыз	Педагог-модератор

Санатқа өтетін мұғалімдердің шығармашылық есебі (қосымша жалғанды 2);

3. Бейін жөніндегі орынбасар А.Елеуова: 2020-2021 оқу жылында аудандық, облыстық деңгейде өткен пәндік олимпиадаларға 9-11 сынып оқушылары қатысты. Аудандық, облыстық пәндер олимпиадасының қорытындысы. (қосымша жалғанды 3);

2. Сөз сөйлегендер:

Сұрақ: Г.Нурмагамбетова олимпиадалардан орындар алмай отырған қандай пәндер?

Сөйлеу: А.Елеуова биылғы жалпы білім беретін пәндер бойынша өткен олимпиаданың аудандық кезеңінде тарих, биология, информатика пәндерінен орын болған жоқ.

Сөйлеу: А.Ахметова қашықтан оқыту кезеңінде оқушыларды олимпиада тапсырмаларына дайындау қиындық келтірді. Себебі олимпиада тапсырмалары күрделі программалармен жұмыс жасауды талап етеді.

3. Қаулы етеді:

1. Санатқа өтініш берген мұғалімдердің педагогикалық іс-тәжірибені таратылсын, жауапкершілігі А.Елеуоваға міндеттелсін;
2. Аудандық, облыстық пәндер олимпиадасына дайындықты жетілдіру жұмыстары ДБЖО, пән мұғалімдеріне тапсырылсын;

Жиналыс төрайымы:

Хатшысы:




А.А.Елеуова

С.Аманқосова

Маңғыстау облысының білім басқармасының Маңғыстау ауданы бойынша білім бөлімінің
«Шетпе гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
(білім беру ұйымының атауы)

Ғылыми-әдістемелік кеңес хаттамасы

№ 4 2021 жылғы "29" наурыз

Төраға: А.Елеуова

Хатшы: С.Аманқосова

Қатысқандар: 14 (тізім қоса тігіледі)

Күн тәртібі:

1. Оқушылардың өзін-өзі басқаруы және өзара әрекеттерінің үйлесімділігі – Психолог Ж.Есбергенова
2. Оқушылардың түрлі шығармашылық байқауға қатысу қортындысы – ҚББП С.Аманқосова
3. Аудандық, облыстық ғылыми жобалар сайысының қортындысы – ДБЖО А.Елеуова
4. Химия пәнінің берілісі – ДБЖО А.Елеуова

Отырыс барысы

1. **Тыңдалды: Оқушылардың өзін-өзі басқаруы және өзара әрекеттерінің үйлесімділігі – Психолог:** Әрбір адам өзінің өмірлік жолын өзі құрып, таңдау жасайды. Өзге адамдармен де өзі қарым-қатынас орнатады. Сонымен қатар, өз өмірінде кейбір қателерді өзі жасап, өзі түзеп жатады. Отбасы мен білім беру орталықтарының алдына қойған мақсаттары – қажетті нәтижеге қол жеткізу үшін өсіп келе жатқан адамның жекелік қасиеттеріне тікелей әсер ету ғана емес, сонымен қатар, өзіндік дамуы мен өзіндік сана механизмдерін жетілдіруде өзін-өзі тәрбиелеу мен өзін-өзі қалыптастыру, өзін-өзі құруы үшін қажетті жағдайды жасау болып табылады.

Даму – адамның сандық және сапалық өзгерістерінің жүрісі мен нәтижесі. Даму нәтижесінде адам биологиялық түр және әлеуметтік тіршілік иесі болып жетіледі. Адамның биологиялық сипаты өз ішіне морфологиялық, биохимиялық, физиологиялық өзгерістерді қамтыған тән - дене дамуынан көрінеді. Ал әлеуметтік даму оның психикалық, рухани, интеллектуал кемелденуінен байқалады. Егер адам сана және өзіндік санаға ие болып, өз бетінше жаңғыртушы іс-әрекет орындауға қабілетті болса, онда ол адам тұлға деп аталады. Адам тұлға болып туылмайды, ол қасиеттік дәреже даму барысында қалыптасады. “Адам” ұғымынан өзгеше “ тұлға ” түсінігі – адамның қоғамдық қатынастар, басқа адамдармен араласу ықпалында қалыптасқан әлеуметтік сапа- қасиеттерін білдіреді. Тұлға ретінде әрбір адам әлеуметтік жүйеде мақсат бағдарлы және ойластырылған тәрбие барысында қалыптасады. Әрбір тұлға, бір жағынан, қоғамдық тәжірибені игеру деңгейімен, екінші жағынан, материалдық және рухани құндылықтар қорына қосқан қоғамдық үлесімен танылады. Тұлға болып жетілу үшін адам өзіне табиғаттан берілген және

өмір мен тәрбие желісінде қалыптасқан ішкі қасиеттерін нақты практикалық қызметте аша білуі шарт.

Сонымен ”Жеке тұлғаның жекелік өсуі “ ұғымының мәні : О.В.Неширинский : “Адам өзінің өсіп жетілуі барысында көптеген параметрлер бойынша өзгереді, ол кейбір қасиеттерден арылып, ал кейбір қасиеттерді өзіне алады. Оның бойындағы әрбір іс-әрекеттер әсер ететін мотивтер бірде көбейіп, бірде азайып отырады ”. Н.Л.Иванова жекелік өсу туралы қазіргі кезде зерттеушілердің пікірлерін жалпылай келе мынадай тұжырым жасайды : бұл процесті сипаттайтын жалпы келісілген феномен – “ Өзін-өзі дамытуда жеке адам бойындағы өзгерістің позитивті жақтарының көп болуы ”. Адам индивид болып туылады, ал жеке тұлға болып қалыптасады.

Адам қоршаған ортаны таниды, сонымен бірге сол ортамен белсенді қатынас арқылы өзін де таниды. Қалыптасу кезеңдерін анықтап, олардағы жаңа мүмкіндіктерді субъект ретінде басқа заттар мен адамдардан өзін айырады ; өз бетімен қоршаған ортаға әсер ететін әрекеттерді қарастырады. Бастапқы кезде басқалардың өзі туралы білетіндерінің интериоризациялану механизмінің орны маңызды. Осылай игеріп пайдаланады : 1) құндылықтар, бағалау және өзін-өзі бағалау мөлшері (нормалары); 2) өзінің бейнесі ; 3) өзіне қатынасы және ата-анасының ол туралы бағалаулары ; 4) басқалардың бағалаулары ; 5) қылықтарын басқару (түзету) жолдары ; 6) үміттену және талаптану деңгейлері.

Сана өзіндік санадан, «мен»- нен туындамайды, керісінше өзіндік сана тұлға санасы мен оның дербес субъект ретінде даму барысында дамиды. Практикалық және теориялық іс-әрекеттің субъектісі боларда, оның «мен»-і сол үрдісте қалыптасады. Өзін түсініп және «Мен» ұғымының қалыптасуы, заттарға және ситуа-цияларға қатынасы оның оқу іс-әрекетіне, еріктік сферасына, болашақ өмірлік жолының анықталуына септігін тигізеді. Өзіндік сана, өзінің « Менін » ұғыну адамның тұлға ретінде жетілуінің нәтижесі. Өзіндік сана тұлғаның әрекеттік қатынас түрінің феноменологиялық түрге айналуының себебі және субъектісі болып танылады. Өзіндік сана жоғары психикалық функциялардың дамуына негіз болады. Өзіндік сана тұтас субъектіге тән және өз іс-әрекетін, айналадағылармен қатынасын ұйымдастыруға қызмет атқарады. Мұны екі кезеңге бөлуге болады : 1) өзінің ерекшелігін басқалардың өзгешеліктерін тану арқылы білу, салыстыру және дифференциациялау ; 2) өзін-өзі талдауды қолдану.

Сана құрылымы әр түрлі деңгейде болуы мүмкін : 1.Нақты іс-әрекеттің мотивациялануы (« идеалды -Мен») ұғымында немесе қазіргі -Мен, « болашақ-Меннің » сәйкес келмеуінен де болады. 2.Мақсатты құрастыруға қатысу. 3.Қандай-да бір әрекеттерге тыйым салу. 4.Айналадағыларға қатынасты себептендіру. 5.Қандайда бір тұлағалық қасиеттердің дамуына әсер ету.

Өзін-өзі бағалау өзін-өзі басқаруды іске асырудың « өзегі » бола мотивацияның құрылымына еніп, өзін басқарудың бағыттылығын, құралдарын таңдауды және қылықтың нәтижелі болуын талқылай анықтайды. Барлық ұғынылған қылықтық реакцияларды және жүріс тұрыстарын дифференциацияланған және адекватты көрінісі, қылығын басқара алуының жеткілікті дәрежедегі деңгейі, өзіндік сананы тұтастай дамып жетілген дәрежесіне, басқалардың бағалауына емес өзін-өзі адекватты бағалауына және өзін-өзі бағалауға зейінін бағдарлауға сәйкес келеді. Өзін-өзі бағалау - бастапқы кезде басқалардың өзін бағалауының интериоризациясының нәтижесі соңынан эмансипацияланып айналадағылардың бағасынан қылықты ішінен басқаратын зейінділікке біртіндеп ауысады. Өзін-өзі реттеп басқарудың екі деңгейлі үрдістерін бөліп айтуға болады : 1. Тактикалық нақты қылық актісі үрдісінде өзін басқару айқын уақыт аралығымен шектеледі ; 2.Стратегиялық - мұны өзін ұйымдастыру деңгейі

деп атауға болады - белгілі уақытқа созылған үрдіс, тұлғалық өзгеруін жоспарлауымен, даралы тұтастай бағыттауды қамтамасыздандырып, өзін-өзі тәрбиелеумен байланысты.

Өзін-өзі реттеп басқарудың үрдістерінде өмірлік мотивтерін бір-біріне бағындыруды қамтып, мотивтер иерархиясын ұрастыруға, даралық және әлеуметтік мотивтер мен рухтық мотивтер арасындағы келіспеушіліктерді шешуге жәрдемдеседі. Өзіндік сананың әлеуметтік-реттеушілік функциясы ретінде: - өзінің тендестігін ұғынуды, - белсенді, іс-әрекеттің негізі ретінде өз «менін» ұғынуды, - өзінің психикалық қасиеттері мен сапаларын ұғынуды, - өзін-өзі әлеуметтік-адамгершілік бағалаулардың белгілі бір жүйелігі қарастырылады.

2. Сөз сөйлегендер:

Г. Нурмагамбетова: Баяндамада не түсінігі туралы айтылған. Бізде сайыстарға үнемі жекелеген оқушылар ғана қатысады. Барлық баланың менін ашу үшін не істеу керек?

Ж. Есбергенова: Жетістік адамға 2% қабілет 98% еңбекпен келеді. Ол үшін жеке оқушылармен жұмыс жасау керек. Біз дайын баланы таңдағанды жақсы көреміз. Егер бұрын танылмаған балалармен жұмыс жасасақ, көп еңбектенуді қажет етеді. Ол уақыт алады. Сол себепті тапсырманы балаларға алдын-ала беру керек деп ойлаймын.

3. Қаулы етеді:

1. Оқушылардың өзін-өзі басқаруы және өзара әрекеттерінің үйлесімділігі тақырыбындағы баяндама қанағаттанарлық деп танылсын

2. Тыңдалды: Оқушылардың түрлі шығармашылық байқауға қатысу қортындысы – ҚББП

№	Оқушының аты-жөні	Мектебі	Жарыс атауы (аудандық, облыстық, республикалық, халықаралық)	Уақыты, алған орны	Жетекшісі
1	Асхатқызы Айбану	Шетпе гимназиясы	«Маңғыстаунама-2020» аудан	23.10.2020ж	Саржанова К
			«Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» ғылыми-практикалық конференцияда ғылыми мақала байқауы "Бақты зиянкестерден қорғайтын дәрі жасау" Аудан	19.02.2021ж I орын	Атшыбаева Г
			«Ақберен» байқауы ном. «Эссе» аудан	02.04.2021ж III	Аманқосова Сандуғаш
2	Дәлубайқызы Мөлдір	Шетпе гимназиясы	«Ұстаз – ұлы есім» бейнеролик байқауы, аудан	9.10.2020ж, II орын	Сенғалиев Н
			«Ақберен» байқауы ном. «Шешендік өнер» аудан	02.04.2021ж	Аманқосова Сандуғаш
3	Мәліков Уәли	Шетпе гимназиясы	III Республикалық «Қадыр оқулары» "Өлең жаздым тоғыз тарау, жеті өрім"-жазба ақындар мүшәйрасы бойынша РЕСПУБЛИКА	24.12.2020ж III орын	Саржанова К

			«Абай әлемі» шығармашылық байқауы «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін...» атты ақындар мүшәйрасы бойынша РЕСПУБЛИКА	11.12.2020ж Алғыс	
			Республикалық Ілияс Жансүгіров оқулары Облыс	25.01.2021ж. II орын	
			«Ақберен» байқауы ном. «Көркемсөз оқу» аудан	02.04.2021ж II	
4	Сатыпалды Ақнұр	Шетпе гимназиясы	«Қадыр оқулары» РЕСПУБЛИКА	III орын	Изтурганова Майра
5	Садақбаева Інжу	Шетпе гимназиясы	«Талант» атты телевизиялық балалар мен жасөспірімдер байқауынан «эстрадалық вокал» номинациясы Облыс	Бас жүлде	Изтурганова Майра
6	Маратова Әмина	Шетпе гимназиясы	«Менің кіші Отаным» жас тарихшылар III республикалық интеллектуалдық конкурсы Аудан Облыс	14.10.2020ж I орын 15.10.2020ж I орын	Есболаев Райымбек
			«Менің кіші Отаным» жас тарихшылар III республикалық интеллектуалдық конкурсы Аудан	14.10.2020ж II орын	Елеуова Акбала
7	Қуатов Мұрагер	Шетпе гимназиясы	«Менің кіші Отаным» жас тарихшылар III республикалық интеллектуалдық конкурсы Аудан	14.10.2020ж II орын	Атшыбаева Гайша
8	Қазыбекова Ұлжан	Шетпе гимназиясы	«Ұлы өнертапқыштыққа алғашқы қадам» респ.байқау Ном.Техника құрастыру Аудан Облыс	28.09.2020 I орын 02.10.2020ж III орын	Атшыбаева Гайша
9	Сағынғали Елдос	Шетпе гимназиясы	«Ұлы өнертапқыштыққа алғашқы қадам» респ.байқау Ном.Автокөлік модель Аудан Облыс	28.09.2020 I орын 02.10.2020ж II орын	Селбаева Балхия
10	Жаңбуршы Диас	Шетпе гимназиясы	«Әке көрген – оқ жонар» облыстық интернет байқауы ном.«Әкеме қолғанат боламын» бейнеролик Облыс	2020ж II орын	Аманқосова Сандуғаш
11	Дәлубайқызы Мөлдір	Шетпе гимназиясы	«Қадыр оқулары» ном.ақын аудан	26.01.2021ж	Калбаева Сания
12	Мұхтар Інжу	Шетпе	«Қадыр оқулары» аудан	26.01.2021ж	Изтурганова Майра

		гимназиясы			
13	Қожабекұлы Бекжан Асхатқызы Айбану	Шетпе гимназиясы	«Ұшқыр ой алаңы» дебаттық турнир аудан	26.01.2021ж II	Қанатбаев Бекжан
14	Бекқожина Шұғыла	Шетпе гимназиясы	Бастауыш сынып оқушыларына арналған «Сауатты жазу әлеміне саяхат» байқауы аудан	05.02.2021ж II	Мұттахықызы Гүлжан
15	Ғабидуллаұлы Саясат	Шетпе гимназиясы	«Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» ғылыми-практикалық конференцияда ғылыми мақала байқауы «Жергілікті жердің топырақ жамылғысын жақсарту жолдары» Аудан	19.02.2021ж II орын	Елеуова Акбала
16	Сатыбалды Ақнұр	Шетпе гимназиясы	«Қазақстан балалары шексіз әлемде» балалар киносының республикалық фестивалі Аудан	03.03.2021ж II орын	Сенғалиев Нұрбек
17	Мұхамбетова Сымбат	Шетпе гимназиясы	«Қазақстан балалары шексіз әлемде» балалар киносының республикалық фестивалі Аудан	03.03.2021ж II орын	Қанатбаев Бекжан
18	Ғабидуллаұлы Саясат Амангелдин Жалғас	Шетпе гимназиясы	«Табиғатты аяла» жас өлкетанушылар респ. форумы Аудан	12.03.2021ж I	Елеуова Акбала
19	Иламан Айбану	Шетпе гимназиясы	«Дарынды бала- ел болашағы» атты марапаттау РЕСПУБЛИКА	17.03.2021ж СЕРТИФИКАТ №093 КАЗАҚБРИТАН ТЕХ УНИВЕР 30% жеңілдік	Атшыбаева Гайша
20	Білал Фатима	Шетпе гимназиясы	«Дара жұлдыз -Ыбырай» аудан	17.03.2021ж II	Дауылханова Ақжайна
21	Құранбайқызы Назерке	Шетпе гимназиясы	«Дара жұлдыз -Ыбырай» аудан	17.03.2021ж III	Бигелді Набат
22	Қайыр Ақбота	Шетпе гимназиясы	«Эколидер» облыстық байқауы ном. «Жасыл экономика» аудан	29.04.2021ж I	Елеуова Акбала
23	Есембетқызы Жайдары	Шетпе гимназиясы	«Эколидер» облыстық байқауы ном. «Қалдықтарға екінші өмір» аудан	29.04.2021ж III	Қали Әсел
25	Тоқсанбекұлы Әли	Шетпе гимназиясы	«Эколидер» облыстық байқауы ном. «Қарақұйрық- Маңғыстау өлкесінің қазынасы» аудан	29.04.2021ж II	Дюсембаева Эльвира
			«Ақберен» байқауы ном.	02.04.2021ж	Изтурганова Майра

			«Ұлттық аспапта өнер көрсету» аудан	III	
--	--	--	-------------------------------------	-----	--

S – күшті жағы Оқушылардың сайысқа белсене қатысуы	W – әлсіз жағы Сайыстарға үнемі белгілі бір оқушылардың қатысуы Қашықтықтан өткендіктен өз қабілетін көрсете алмауы
O – мүмкіндік Жыл сайын белгілі өтетін сайыстарға оқушыларды алдын ала дайындау.	T – қауіп Дайындалып жүрген оқушының мектептен кетуі; Сайыс туралы хаттың өтетін күні жақындағанда келуі Әділетсіз өтуі

2. Сөз сөйлегендер:

Г. Нурмагамбетова: Түрлі дәрежедегі байқауларға әр сыныптан бір-екі оқушы ғана қатысады, қалған оқушылар қалыс қала береді.

Г. Атшыбаева: Сыныптардан сайысқа үнемі бір оқушының таңдалу себебі бір жағынан ата-анасына да байланысты. Ата-ана оқушы мұғалім бірігіп дайындалса жетістікке жетуге болады.

Ж. Есбергенова: Ата-аналар жиналысына осы мәселені қойып, оқушыларды сайысқа дайындау барысында ата-ана мүмкіндік жасап қолдау білдіру керек.

С. Аманқосова: Жарыстардың өтетін уақыты сайысқа 2-3 күн қалғанда жіберіледі.

А. Елеуова: Жыл сайын дәстүрлі өтетін сайыстарға жаз бойына тапсырмаларын беріп жіберу керек.

3. Қаулы етеді:

1.Оқушылардың түрлі шығармашылық байқауға қатысу қортындысы тақырыбындағы баяндама қанағаттанарлық деп танылсын.

2.Оқушыларды түрлі бағытта сайыстарға қатыстыру үшін ата-аналарды тарту туралы мәселе ата-аналар жиналысына қойылсын. Баяндама жасау Ж. Есбергеноваға тапсырылсын.

3.Дәстүрлі сайыстарға жыл бойына дайындық жасау жетекшілерге тапсырылсын.

3.Тыңдалды: Аудандық, облыстық ғылыми жобалар сайысының қортындысы – ДБЖО

№	Оқушының аты-жөні	Мектебі	Сыныбы	Ғылыми жоба конкурсы атауы аудандық,облыстық, республикалық,халықаралық	Секциясы, тақырыбы	Уақыты, алған орны	Жетекшісі
1	Сатыпалды Саят	Шетпе гимназиясы	10	Әл-Фараби атындағы республикалық ғылыми жоба конкурсы ОБЛЫС	Жер және ғарыш туралы ғылымдар «Жердің табиғи серігі Ай арқылы жерді қоқыстардан тазарту»	10.11.2020 III	М.Ордабаев
				Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық	Жер және ғарыш	28.10.2020 II	М.Ордабаев

				ғылыми жоба конкурсы Аудан			В
2	Асхатқызы Айбану	Шетпе гимназиясы	9	Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жоба конкурсы Аудан Облыс	Химия, "Бақты зиянкестерден қорғайтын дәрі жасау"	28.10.2020 I 27.11.2020 II	Ғ.Атшыба ева
				Әл-Фараби атындағы республикалық ғылыми жоба конкурсы ОБЛЫС РЕСПУБЛИКА	Химия, "Бақты зиянкестерден қорғайтын дәрі жасау"	10.11.2020 II 08.12.2020 Сертифика т	Ғ.Атшыба ева
3	Рахат Зере Қазбекова Ұлжан	Шетпе гимназиясы	1 1	Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жоба конкурсы Аудан Облыс	Биология, «Экожүйені қалпына келтірудің жолдары»	28.10.2020 II 25.11.2020 II	Ғ.Атшыба ева
		Шетпе гимназиясы	1 1	Республикалық «Табиғатты аяла» жас өлкетанушылар, экологтар мен табиғат зерттеушілер форумы РЕСПУБЛИКА	Биология, «Экожүйені қалпына келтірудің жолдары»	16.09.2020 Сертифика т	Ғ.Атшыба ева
4	Алиева Асылай		1 0	Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жоба конкурсы Аудан Облыс	Математика, «Сандардың құпия сырларын зерделеу»	28.10.2020 II 20.11.2020 III	Шоланова Гулзина
5	Ғабидуллаұ лы Саясат		9	Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жоба конкурсы Аудан Облыс	Қоршаған орта, «Жергілікті жердің топырақ жамылғысын жақсарту жолдары»	28.10.2020 II 25.11.2020 III	Елеуова Акбала
				Әл-Фараби атындағы республикалық ғылыми жоба конкурсы ОБЛЫС	Қоршаған орта, «Жергілікті жердің топырақ жамылғысын жақсарту жолдары»	10.11.2020 III	Елеуова Акбала
6	Маратова Әмина	Шетпе гимназиясы	1 0	Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жоба конкурсы Аудан	Тіл білімі, «Проблема наркоманий в произведениях «Морфий» и «Плах»	28.10.2020 III	Каметова Раушан

7	Амангелдин а Жансәуле	Шетпе гимназиясы	1 1	Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жоба конкурсы Аудан	Тіл білімі,	28.10.2020 II	Бекболато ва Жанира
8	Теміржанов а Еркемай	Шетпе гимназиясы	1 1	Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жоба конкурсы Аудан	Әдебиет, «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларына талдау жасау»	28.10.2020 II	Саржанова Күнімкүл
9	Талғат Аян	Шетпе гимназиясы	5	«Зерде» республикалық ғылыми жобалар конкурсының Аудан	Этномәдениет «Түркілердің түп негізі Көкбөрі екендігін дәлелдеу»	2.12.2020 III	Кокишева Гульзира
10	Әбдіразақ Айбар	Шетпе гимназиясы	7	«Зерде» республикалық ғылыми жобалар конкурсы Аудан	Информатика «Ауылдық елді мекендерде интернет желісін жақсарту құрылғысы»	2.12.2020 III	Сенғалиев Нұрбек
11	Кемелбек Рысбек	Шетпе гимназиясы	5	«Зерде» республикалық ғылыми жобалар конкурсы аудан	Тіл білімі «Ұлттық тәрбиедегі тілдің маңызымен мәні»	2.12.2020 III	Нурмагамб етова Гуларша
12	Қайыр Ақбота	Шетпе гимназиясы	7	«Зерде» республикалық ғылыми жобалар конкурсы Аудан	Өлкетану «Маңғыстау өлкесінің су қорын жасау»	2.12.2020 III	Елеуова Ақбала
13	Тұрар Айтқабыл	Шетпе гимназиясы	4	«Зерде» республикалық ғылыми жобалар конкурсы Аудан	Математика «Логикалық есептеді шешудің әдіс- тәсілдері»	2.12.2020 III	Мүттахик ызы Гүлжан
14	Төлеп Гүлдана	Шетпе гимназиясы	7	«Зерде» республикалық ғылыми жобалар конкурсы Аудан Облыс	«Құрқылтайдың ұясы және емдік қасиеттері»	2.12.2020 I 15.01.2021 ж III	Дюсембае ва Эльвира
15	Мүсілімұлы Бекқазы	Шетпе гимназиясы	7	«Зерде» республикалық ғылыми жобалар конкурсы Аудан	"Жағымсыз иісті жою жолдары"	2.12.2020 III	Атшыбаев а Ғайша



2. Сөз сөйлегендер:

Г. Нурмагамбетова: Ғылыми жұмыстардан жетістігіміз болғанымен, дайындап отырған ұстаздар аз. Педагог-сарапшы, зерттеуші ұстаздардың барлығы ғылыми жұмыспен айналысу керек.

А. Елеуова: Биыл сәуір айында ғылыми жұмыс тақырыптарын жіберіп, келесі жылы қатысамыз. Мұғалімдерге тапсырмалары берілді.

3. Қаулы етеді:

1. Оқушыларды ғылыми жұмыстарға тарту жұмыстары жетілдірілсін;
2. Республикалық кезеңнен орындар алуға дайындықтарын күшейту жетекшілерге және ДБЖО А.Елеуоваға тапсырылсын.

4. Тыңдалды: Химия пәнінің берілісі – ДБЖО

Химия пәнінен 7-9 сыныптарға педагог-зерттеуші санатындағы Атшыбаева Гайша сабақ береді. Жүктемесі 5 сағат химия, 1 сағат экология, 2 сағат ГП.

7-сыныпқа №3 практикалық жұмыс «Сұйылтылған қышқылдар мен карбонаттардың әрекеттесуі. Көмірқышқыл газына сапалық реакция» тақырыбындағы сабаққа қатыстым. Реактивтер: Тұз қышқылы, кальций карбонаты. Мұғалімнің балалармен қарым-қатынас стилі, ынтымақтастық пен сенім атмосферасын орната білді, оқушының ой еркіндігіне жағдай жасалды. Оқушының сөйлеу, өзара әрекеттесу, білім алмасу дағдыларының қолданылуы, мұғалімнің, оқушының оқу қажеттігін түсінуіне ықпал жасауы, бақылауы, орындалатын жұмыстарға қойылатын талап мазмұны жақсы. Мұғалім сабақтың басында білім алушыларды жұмысқа ынталандыру үшін олармен диалог құрды. Сабақта орындалатын тапсырма түрлерін қашықтықтан мұғалім жақсы ұйымдастырды.

8-сыныпқа №5 зертханалық тәжірибе «Заттардың ерігіштігін зерттеу» сабағына қатыстым. Реактивтер: Натрий сульфаты, натрий хлориді, күміс хлориді. Мұғалімнің балалармен қарым-қатынас стилі, ынтымақтастық пен сенім атмосферасын орната білді, оқушының ой еркіндігіне жағдай жасалды. Оқушының сөйлеу, өзара әрекеттесу, білім алмасу дағдыларының қолданылуы, мұғалімнің, оқушының оқу қажеттігін түсінуіне ықпал жасауы, бақылауы, орындалатын жұмыстарға қойылатын талап мазмұны жақсы. Мұғалім сабақтың басында білім алушыларды жұмысқа ынталандыру үшін олармен диалог құрды. Мұғалім білім алушыларға сабақтың әрбір кезеңінде сұрақтар қойды. Мұғалімнің АКТ құрылғыларын қолдану арқылы бейне роликтер, ғаламтор материалдарын жүйелі пайдаланды.

9-сыныпқа №13 зертханалық тәжірибе «Азот қышқылының басқа қышқылдармен ортақ қасиеттері» тақырыбында сабағына қатыстым. Мұғалімнің балалармен қарым-қатынас стилі, ынтымақтастық пен сенім атмосферасын орната білді, оқушының ой еркіндігіне жағдай жасалды. Оқушының сөйлеу, өзара әрекеттесу, білім алмасу дағдыларының қолданылуы, мұғалімнің, оқушының оқу қажеттігін түсінуіне ықпал жасауы, бақылауы, орындалатын жұмыстарға қойылатын талап мазмұны жақсы. Сабақ кезеңдерінің өзара тиімді байланысы бар. Сабақ мақсатына жетті. Мұғалімнің АКТ құзыреттілігі жоғары екендігі, оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін сабақта пайдалануы жақсы. Мұғалімнің бейне сабақтары facebook.com, youtube.com желілеріне жүктеліп отыр. Жалпы 47 сабақ желіге салынған. <https://www.youtube.com/watch?v=-cFdTM4xbMs>
<https://mektep.edu.kz/> электронды журналының толтырылуы талапқа сай. Жоспарлары оқу бағдарламасына сәйкес орындалған.



2.Сөз сөйлегендер:

1. **Г. Нурмагамбетова:** Ғайша апай өзін дәлелдеген ұстаз. Апайдың іс-тәжірибесін жастарға үйрету керек

3. Қаулы етеді:

1. Химия пәнінің берілісі қанағаттанарлық деп танылсын;
2. Пән мұғалімінің іс-тәжірибесі жас мамандарға таратылсын.

Жиналыс төрайымы:

Хатшысы:

А.А.Елеуова

С.Аманқосова

Маңғыстау облысының білім басқармасының Маңғыстау ауданы бойынша білім бөлімінің
«Шетпе гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
(білім беру ұйымының атауы)

Ғылыми-әдістемелік кеңес хаттамасы

№ 5 2021 жылғы "24" мамыр

Төраға: А.Елеуова

Хатшы: С.Аманқосова

Қатысқандар: 16 (тізім қоса тігіледі)

Күн тәртібі:

1. Жас мамандардың және тәлімгердің жұмысы – Ұстаз жетекшілер
2. Педагог қызметкерлерді аттестаттау қорытындысы – ДБЖО А.Елеуова
3. Шығармашылық топ, ӘБ есебі. - А.Жұбанов, М.Ордабаев, Изтурганова М, Кокишева Г
4. Мектепшілік факультатив, үйірме жұмысының қорытындысы – ҚБПП Б.Қанатбаев
5. 2020-2021 оқу жылындағы жазғы мектепті ұйымдастыру туралы - ДБЖО А.Елеуова

Отырыс барысы

Тыңдалды:

4. «Жас мамандардың және тәлімгердің жұмысы» туралы жас мамандардың ұстаз жетекшілері Г.Кокишева, Г.Мүттахикқызы, Г.Шолановалардың жылдық есебі тыңдалды (қосымша жалғанды 1);
5. «Педагог қызметкерлерді аттестаттау қорытындысы» туралы А.Елеуова – 2021-2026 жылдарға арналған перспективалық жоспары, аттестаттау комиссиясының құрамы бекітілді. 2020-2021 оқу жылында педагог – модераторға төмендегі педагогтардың өтініштері қабылданып, педагог-модератор санаттары берілді.

№	ТАӘ	Лауазымы	Міндетті/мерзімінен бұрын аттестаттау	Қолда бар біліктілік санаты	Мәлімделетін біліктілік санаты	Күні, бұйрық нөмірі
1	Бигелді Набат Мархабатқызы	Бастауыш сынып мұғалімі	Мерзімінен бұрын аттестаттау	Санатсыз	Педагог-модератор	10.09.2020ж №39,1-нқ
2	Сельбаева Балхия Жумагуловна	Технология пәні мұғалімі	Мерзімінен бұрын аттестаттау	Екінші	Педагог-модератор	25.12.2020ж №55-нқ
3	Сенғалиев Нұрбек Оралұлы	Информатика пәні мұғалімі	Мерзімінен бұрын аттестаттау	Санатсыз	Педагог-модератор	25.12.2020ж №55-нқ
4	Дәлубай Әбді-Рахман Досанұлы	Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі	Мерзімінен бұрын аттестаттау	Санатсыз	Педагог-модератор	25.12.2020ж №55-нқ
5	Мұстафин Алкабек Алтынбекұлы	География пәні мұғалімі	Міндетті	Санатсыз	Педагог-модератор	

Сонымен қатар Маңғыстау облыстық білім басқармасының 30.12.2020ж. күнгі №147 бұйрығы бойынша орыс тілі пәні мұғалімі Ж.Бекболатова педагог-зерттеуші санатын алды.

6. «Шығармашылық топ, ӘБ» есебі – Бірлестік жетекшілері А.Жұбанов, Шоланова Г, М.Ордабаев, Изтурганова М, Кокишева Г есептері тыңдалды (қосымша жалғанды 2);
7. Мектепшілік факультатив, үйірме жұмысының қорытындысы туралы ҚБПП Б.Қанатбаев айтып өтті (қосымша жалғанды 3);
8. 2020-2021 оқу жылындағы жазғы мектепті ұйымдастыру туралы - ДБЖО А.Елеуова : Жазғы мектеп 26 мамыр -19 маусым аралығында білім сапасын арттыру және шектеу шаралары кезеңінде жіберілген білімдегі олқылықтарды толықтыру мақсатында барлық тілек білдірген білім алушылар үшін ата-аналарының өтініші негізінде өткізілетін болады. Сонымен қатар білім беру ұйымдарында іс-шараларды ұйымдастыру туралы айтып өтті (қосымша жалғанды 4).

Сөз сөйлегендер:

Г. Нурмагамбетова: Тәлімгерлер жас маамдармен жақсы жұмыс жүргізді деп ойлаймын. Қашықтықтан оқыту кезеңінде жастарға қолдау көрсетіп, іс-тәжірибелерімен үнемі бөлісіп отырдыңыздар.

А.Елеуова: Әдістемелік бірлестік жетекшілері жылдық жоспарға сәйкес пәндік апталықтарын уақытылы ұйымдастыра білді. Ашық сабақтарды, сыныптан тыс шараларды онлайн форматта да офлайн форматта да шебер өткізді. Дарынды балалармен жұмыс жүргізудің ғылыми бағыты бойынша жаратылыстану бірлестігі ерекше көзге түсті. Оқушылары облыстан бірнеше дүркін орын алуымен қатар, республикалық кезеңдерге жолдама алып отырғандары да бар. Гуманитарлық пәндер бірлестігі көптеген байқаулардың облыстық, республикалық жүлдегерлерін шығарды. Эстетикалық пәндер бірлестігінің жетекшісі «Үздік педагог-2020» иегері атанды. Сонымен қатар Майра апай «Күміс перне» атты өзінің әдістемелік құралын шығарып, республикалық «Үздік авторлық бағдарлама» жүлдегері атанды. Бастауыш сынып бірлестігінің мұғалімдері Г.Кокишева, Г.Мұттахиқызы, А.Дауылханова бірігіп «Қызықты логикалық, грамматикалық жаттығулар» тақырыбында әдістемелік құралы шығарды.

Г.Атшыбаева: Мектепшілік факультатив, үйірме жұмыстарына қатысатын оқушыларда өздерінің үйренген, білгендерін байқауларда көрсетті. Жазғы каникул күндерінде де үйірме оқушыларына тапсырмалар беріп жіберген дұрыс.

А.Ахметова: 2020-2021 оқу жылындағы жазғы мектептің сабақ кестесі жасақталып, мұғалімдерге таныстырылатын болады. Ата-аналардың өтініштерін сынып жетекшілер қабылдап, ДТЖО мен хабарласып отыру керек. Санитарлық талаптарды сақтай отырып, сабақ жүргізуді пән мұғалімдеріне таныстырамыз.

Қаулы етеді:

- 1) Жас мамандардың және тәлімгердің жұмысы қанағаттанарлық деп табылсын;
- 2) Шығармашылық топ, ӘБ есебі қорытындысымен педагог қызметкерлердің іс – тәжірибесін насихаттау А.Елеуоваға жүктелсін;
- 3) Мектепшілік факультатив, үйірме жұмысы қанағаттанарлық деп табылсын. Оқушыларды жазғы мектепте көбірек көңілді іс-шараларға тартуды ұйымдасыру Б.Қанатбаев, А.Аманқосова тапсырылсын;
- 4) 2020-2021 оқу жылындағы жазғы мектепті ұйымдастыру, бақылау жүргізу А.Ахметова тапсырылсын.

Жиналыс төрайымы:

Хатшысы:

А.А.Елеуова

С.Аманқосова